

Күзгі демалыс уақытында жүргізілген іс-шаралар туралы анықтама

2016-2017 оқу жылы

Күзгі демалыс-мектеп өмірінің қанық, жарқын және ұмтылыс кезеңі. Бұл балалар үшін оқу ісінен демалуға, жаңа оқу тоқсанына қуаныш, жақсы көңіл күй мен сергектік қуатын алуға мүмкіндік.

Күзгі демалыстардағы іс-шаралар «Мәңгілік ел» патротық актісін іске асыру шеңберінде жүргізіледі және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналады. №6 Хромтау гимназиясының білім алушылары күзгі демалыс уақытында қызықты іс-шараларға жұмылдыру мақсатында мектеп қабырғасында төмендегідей іс-шаралар өткізілді.

Күзгі демалыс тұжырымдасына сүйене отырып 31 қазан күні Патриот күні болғандықтан 31 қазан күні күзгі каникул кезіндегі білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру жұмыстары мен 9 сынып білім алушыларымен «Мен өз елімнің патриотымын» атты психологиялық тренинг жаттығулары өткізілді.



1 қараша күні жоспар бойынша Отбасы күніне байланысты Әке, шеше, ата, тегі туралы ұғымдарын кеңейту; Отбасындағы сыйластық, ынтымақ, бірлік сияқты қарым-қатынасқа үйрену; Туыстарына, жақындарына сүйіспеншілік сезімін түсіндіру мақсатында «Менің отбасым» атты эссе жазу шарасы өткізілді. Нәтижесі бойынша Серік Аружан, Амантаева Аңсаған, Мырзағұл Сабина жақсы эссе жазып, көзге түсті



2 Қараша күні Спорт және денсаулық күні: білім алушылар арасында түрлі спорттық жарыстар өткізілді.



3 қараша күні 2017 жылы Қазақстанда өтетін ЭКСПО көрмесінің біздің еліміз үшін қажеттілігі мен маңыздылығы туралы білімін қалыптастыру, дамытушылық - отанымызда ЭКСПО-2017 көрмесін өткізу үшін жүргізіліп жатқан шараларға өз ой-пікірін білдіру қабілетін дамыту, тәрбиелік - Отанымыз жетістіктеріне мақтаныш сезімін ояту мақсатында «Менің қиялымдағы қала» атты жоба өткізілді. Жобаға 5-6 сынып білім алушылары жоғары дәрежеде ат салысты.



4 қараша күні Қазақ елінің жүріп өткен жолдарын, тәуелсіздік туы желбіреген жылдар ішіндегі жеткен жетістіктерін айта отырып, оны мәңгі есте сақтау керектігін түсіндіру. Оқушыларды Отанды сүйуге, туған жерге сүйіспеншілігін арттыруға, саналылыққа, ұқыптылыққа, тәрбиелеу мақсатында «Мақтанышым тәуелсіз-Қазақстан» атты 3-4 сынып білім алушылары арасында мәнерлеп оқу сайысы өткізілді. Сайысқа қатысқан білім алушыларды мадақтама грамоталармен марапатталды.



5 қараша күні Оқушылардың мамандық таңдау, мамандықтың еңбек қызметінің негізгі бөлігі екенін түсіндіру; Мамандыққа деген ықыласын, қызығушылығын арттыру арқылы өз қалауын жасауға мүмкіндіктер туғызу мақсатында жоғарғы сынып білім алушылары аралығында «Мамандықтар әлемі» айдарымен дөңгелек үстел өткізілді.



Орындаған: Дошанова А.К.
Тел: 27-7-47